

Ауылдық жерлердегі қызметкерлерге 25 процент төлеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 4/26-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 9 қаңтарда № 14-2-48 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2011 жылғы 30 маусымдағы № 45/283-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 30.06.2011 № 45/283-IV шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасына, 7 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 4 тармағына сәйкес қалалық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда 25 проценті жоғары айлық ақы мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

2. Қалалық мәслихаттың 2001 жылғы 5 сәуірдегі "Ауылдық жерлердегі қызметкерлерге 25 пайыз төлеу туралы" N 9/81-II шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессия төрағасы: *Т. Садыбаев*

Қалалық мәслихат хатшысы: *Ө. Керімқұлов*